

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы « 9 » ақпандағы
№ 102 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары және
Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы
лауазымынан зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер қайтыс болған немесе
қаза тапқан кезде оларды жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеу
қағидалары**

1. Осы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымынан зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер қайтыс болған немесе қаза тапқан кезде оларды жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 15-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымынан зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер қайтыс болған немесе қаза тапқан кезде оларды жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы (бұдан әрі – өтемақы) төлеу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы немесе Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы қызметінен зейнетке шыққан зейнеткер қайтыс болған (қаза тапқан) жағдайда өтемақы алу үшін мұрагер болып табылатын адамдар (бұдан әрі – өтініш беруші) Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Аппаратының кадр қызметіне (бұдан әрі – кадр қызметі) мынадай құжаттарды ұсынып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

- өтемақы алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- өтемақы алушының ЖСН;
- қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның көшірмелері;
- кәмелетке толмаған өтемақы алушының тууы туралы куәлігінің көшірмесі;
- мұрагерлікке құқық туралы куәліктің көшірмесі;
- өтемақы алушының шот нөмірі туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жұмыс істеп жүрген судьясы қайтыс болған жағдайда кадр қызметі мұрагер болып табылатын адамдарды жоғарыда көрсетілген құжаттарды тапсыру қажеттігі туралы міндетті түрде жазбаша хабардар етеді.

3. Кадр қызметі осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығы мен дұрыс ресімделуін тексереді және өтінішті осы Қағидаларға

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеуге өтініштерді тіркеу журналына тіркейді.

Тиісті құжаттар толық ұсынылмаған және (немесе) олар дұрыс ресімделмеген жағдайда кадр қызметі өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде өтінішті осы Қағидалардың 2-тармағының талаптарына сәйкес келтіруді ұсынады.

Егер өтініш беруші осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мерзімде өтінішті талаптарға сәйкес келтірмесе, кадр қызметі оны қайтарады.

Кадр қызметі өтінішті журналға тіркеп, он жұмыс күні ішінде біржолғы өтемақы алушыға іс қалыптастырады және оны қаржы қызметіне жібереді.

4. Қаржы қызметі дайындаған өтемақы сомасы туралы есепті іске қоса тіркеп, кадр қызметі істі өтемақы төлеу туралы бұйрықтың жобасымен Конституциялық Сот Аппаратының Басшысына ұсынады. Конституциялық Сот Аппаратының Басшысы үш жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

5. Өтемақы төлеу өтініш берушінің банктік шотына не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы өтініш берушінің шотына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде аудару жолымен жүзеге асырылады.

6. Кәмелетке толмаған өтемақы алушыларға өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22, 22-1, 23-баптарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциялық
Сотының судьялары және Қазақстан
Республикасы Конституциялық Сотының
судьясы лауазымынан зейнеткерлікке
шыққан зейнеткерлер қайтыс болған
немесе қаза тапқан кезде оларды жерлеу
үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Кімге _____
(уәкілетті орган басшысының
Т.А.Ә. (бар болса)

кімнен _____
(Т.А.Ә. (бар болса)

мекенжайы: _____
өтініш берушінің ЖСН _____

Жерлеуге біржолғы ақшалай өтемақы төлеуге өтініш

Сізден _____
(қайтыс болған адамның Т.А.Ә. (бар болса)

қайтыс болуына байланысты маған жерлеуге біржолғы ақшалай өтемақы төлеуді
сұраймын.

Қайтыс болған күні: _____.

Маған тиесілі соманы мынаған аударуды сұраймын:

банктің (ұйымның) атауы: _____;

банктің (ұйымның) БСК: _____;

банктің (ұйымның) ЖСК: _____;

шот нөмірі: _____.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1.

2.

3.

Толтырылған күні: _____

Өтініш берушінің қолы: _____

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Сотының судьялары
және Қазақстан Республикасы
Конституциялық Сотының судьясы
лауазымынан зейнеткерлікке шыққан
зейнеткерлер қайтыс болған немесе қаза
тапқан кезде оларды жерлеу үшін
біржолғы ақшалай өтемақы төлеу
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Жерлеуге біржолғы ақшалай өтемақы төлеуге өтініштерді тіркеу журналы

Р/с №	Өтініш түскен күн	Қайтыс болған адамның Т.А.Ә. (бар болса)	Біржолғы өтемақы алушының Т.А.Ә. (бар болса) және оның мекен-жайы	Біржолғы өтемақы төлеу үшін негіздеме	Қарау нәтижесі		
					біржолғы өтемақы сомасы	төлем құжатының нөмірі мен күні	бас тарту себебі
1	2	3	4	5	6	7	8